

№8дәріс. Ақпарат тарату мен сақтаудың музейдегі жүйелілігі.

Дәріс жоспары:

1. Әңгіме-баянның мәні
2. Әңгіме-баян кезіндегі бейнелерге ауысуды, өзгеруді сипаттау
3. Экскурсиядағы көрсетілім мен әңгіме-баян ара қатынасын әңгімелеңіз.

Мақсаты: Ақпарат тарату мен сақтаудың музейдегі жүйелілігін зерттеп білім алушылар үшін ерекшелігін ескереді.

Экскурсия жүргізушінің әңгіме-баяны экскурсиядағы маңызды бөлшектердің бірі болып табылады. Ол көрсетілім кезінде жүзеге асырылады. Тіпті, оған дейін де, көрсетілімнен соң да нысан туралы қосымша ақпараттар беріліп те жатады. Ал бұл танымға деген құлшынысты, оның тарихи рөліне деген қызығушылықты білдіреді. Экскурсия жүргізуші әңгіме-баянның желісі сан алуан болып келеді. Онда ескерткіштер, тарихи оқиғалар мен нақты бір тұлғалардың ғұмырнамасы, т.б. қаузалыды. Ең алдымен, әңгіме-баянды дәріске айналдырып жіберуге жол берілмеуі керек. Экскурсия жүргізушінің әңгіме-баяны екі міндетті орындайды: 1) көрсетілген дүниеге түсінік, қосымша беріледі; 2) дәл сол уақытта экскурсант көре алмайтын оқиғаларды қалпына келтіреді.

Егер экскурсанттар тобы экскурсия жүргізушіге сұрақтар қояр болса, онда әрбір сауалға нақты жауаптар берілуі тиіс. Сайып келгенде, әңгіме-баян экскурсия жүргізушінің айтылатын жеке мәтіні, шығармашылық ізденісі болып табылады. Онда экскурсия жүргізуші іздестіріп тапқан ақпараттар легі баяндалынады. Көрсетілім кезіндегі әңгіме-баян бірте-бірте бағалаулар мен қорытынды ойларға ауысуы тиіс. Сонда ғана экскурсия өз мақсаты мен міндеттеріне жете алады.

Егер экскурсия жүргізуші әңгіме-баянды шағын көлемде жүргізіп, келушілер бірінші кезекте нысанды тамашаласын, соны көруге келді, «менің әңгімем артық» дейтін болса, онда қатты қателеседі. Сонымен қатар әңгіме баянда тақырыптан ауытқып, оны дәріске айналдырып жатса, тақырып аясынан тыс әңгімелерге әуестенер болса, ойлары сан-саққа жүгірген экскурсанттар экскурсиядан айтарлықтай ләззат ала алмайды. Сондықтан да экскурсияәңгіме-баяны көрсетіліп жатқан нысан төңірегінен ауытқи қоймауы керек. Яғни экскурсия жүргізуші туристер тобына, экскурсанттарға нысанды көрсете отырып, өз әңгіме-баянын сол нысанмен кеңінен қабыстырып отыруы қажет.

Экскурсия кезіндегі нысандар экскурсия жүргізушіге әңгіме-баянды өрбітуге жәрдемдеседі, нысандар арқылы ол өткенді баяндап, өмірдеболған қызықты тыныс-тіршілікті суреттейді. Әңгіме-баянның терең мазмұндылығы нысанның ерекшеліктеріне, нысан туралы ақпараттар деңгейіне барып тіреледі.

Әңгіме-баянның уақыты экскурсия уақытынан аз болуы керек. Экскурсия жүргізуші нысанды экскурсанттардың өздері тамашалап көруіне мүмкіндік беруі тиіс. Әдетте, экскурсия әңгіме-баяны алдын ала дайындалады. Және де дәл сол мәтінді экскурсия кезінде жүз пайыз айтумүмкіндігі болмауы да ықтимал, себебі, экскурсанттар тарапынан қойылатын сауалдар, т.б. жайттар

әңгіме-баянға оң не теріс ықпалын тигізіп, кейбір жайттардың ұмытылып қалуына немесе қосымша ақпараттар беруге мәжбүрлеуі мүмкін.

Дегенмен, әңгіме-баянға қойылатын талаптар да бар. Олар: тақырыптылық, нақтылық, өзара байланыстылық, логикалылық, қысқашалық, мазмұндамалық қолжетімділік, ой қорытындының жасалуы, көрсетіліммен байланыстылық, ғылымилық. Әңгіме-баянның ерекшелігі, оның монологқа негізделгендігінде болады. Сондай-ақ, кейбір экскурсия жүргізушілер экскурсияны ашық не болмаса жабық диалогқа айналдыруға да тырысады. Экскурсия жүргізуші мен экскурсант арасында диалог кезінде материалды қабылдаудың белсенділігі артады, сұрақ-жауап арқылы ақпараттар легі қабылданады, экскурсант өз сауалдарына қанағаттанарлық жауап алады.

Көрсетілім барысында кейде экскурсанттар тарапынан «реплика» беріліп отырады. Олардың көпшілігі дұрыс, кейбірі бұрыс болып жатады. Сондықтан да репликалардан айналып өтіп кетуге болмайды. Репликалармен жұмыс істеудің белгілі бір әдістемесі бар. Егер реплика дұрыс болмаса, онда оларды түзеп отыру қажет. Әдетте, шеберлігі жоғары экскурсия жүргізушілер репликаны әңгіме-баянға қосып жібереді де, өзінің баяндамасын жалғастыра береді. Егер реплика жауапсыз қалса, онда басқа экскурсанттар тарапынан экскурсия жүргізушінің білімділігіне, шеберлігіне шек келтіру орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда экскурсанттар тобы экскурсия жүргізушінің әңгіме-баянына қызығушылық таныта қоймайды, оның айтқандарын жүре тыңдайды. Сол себепті репликаға жылдам жауап қатып, оны мақұлдап не болмаса терістеп отырған жөн. Репликаға жауап айтылып отырған тақырып аясында ғана өрбігені абзал. Репликалардан қорқуға, олардан қашуға болмайды, қайта оларды тиімді пайдаланып, әңгіме-баянның көрігін қыздыруға болады. Егер экскурсант мүлдем жөнсіз реплика айтса, оның бұрыстығын бетіне салық қылмай, дәлелді пайымдаулар арқылы қандай мәселе жөнсіз екендігін тактикалық тұрғыдан байыппен жеткізген жөн. Сонда ғана әңгіме-баян қызықты да тартымды шығады.

Ал экскурсия-консультация және экскурсия-демонстрация секілді қалыптарда экскурсия жүргізуші әңгіме-баяны әңгімелесу формасы бойынша жүргізіледі. Кейбір әңгімелесулер сұрақ-жауап тәсілі бойынша құрылады, мұндай жағдайды сұрақты екі тарап та қоюы ықтимал, яғни белгілі бір жайттарды баяндамас бұрын экскурсия жүргізуші «... мына мәселе бойынша ойларыңыз қалай?», «... туралы не естідіңіз?», «... авторы кім деп ойлайсыз?» деген сыңайдағы сұрақтарды қойып, экскурсанттардан белгілі бір жауаптар алған соң, оларды толықтырып, толымды түрде түсініктеме беріп кетіп отырады. Мұндай формадағы әңгіме-баян аудиториямен жұмыс істеудің, топпен экскурсия жүргізуші арасындағы байланыстың, қарым-қатынастың белсенділігін арттырады, тақырыпқа деген көрерменнің қызығушылығын арттырады. Қалай болғанда да, әңгіме-баянның негізгі міндеттерінің бірі анықтама беру, әңгіме болып отырған затты түсіндіру екендігін естен шығармаған жөн. Кез келген заттың анықтамасы қысқа әрі нұсқа болуы тиіс. Ал анықтаманың мақсаты пайдаланылып жатқан түсініктің мазмұнын айқындау болып табылады. Анықтамалар болса, өз кезегіндешынайы және номиналды

болып жіктелінеді. Шынайы анықтамалар беру кезінде заттың (нысанның) мәнді белгілері айқындалса, номиналды анықтамалар барысында терминдер (мысалы, «абстракционизм», «модерн» дегеніміз...) мен олардың шығу төркіні айқындалынады.

Әңгіме-баян кезінде бейнелерге ауысу, өзгеру де болып тұрады. Оны жасау үшін белгілі бір жайттар ықпал етуі тиіс. Мәселен, әңгіме-баянның бейнелерге өзгеруі оның мазмұнына, материалды тындарманға жеткізу ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Өзгеруге, ауысуға (трансформацияға) мол мүмкіндіктер беретін, әдетте, көркем шығармалардың үзінділері, оқылған цитаталар болып табылады. Мәселен, әдеби монтаж бен цитата келтіру тәсілі осыған негізделінеді. Егер экскурсия жүргізуші көрсетілім кезінде тақпақ, өлең оқып ақынның шығармасын әңгіме-баянға қосып жіберіп отырса, сол тұлғаның жан дүниесін, мақсаты мен мұраттарын толымды түрде бейнелеуге болады. Бұл кезде экскурсанттар ақын өмір сүрген ортаға, қоғамға бір табан жақындай түседі. Сөздің түсініктілігі, оның нақтылығы, мәнерлігі, әдемілігі өз кезегінде ойды түйіндейтін сөз саптаудың дұрыстығы, сөйлемдер құрастыру, сөйлемдер арасындағы өзара жалғастық, сөйлеу техникаларын меңгеру (дұрыс тыныс алу, дауыс ырғағы, дикция) секілді факторларға тәуелді болады.

Экскурсия кезінде әңгіме-баянның екі формасы пайдаланылады. 1) *баяндау(повесть) түріндегі әңгіме-баян*. Мұнда экскурсанттарға оқиғалардың қайда және қалайша өрбігендігі туралы нақты түсініктеме беріледі. 2) *реконструктивті әңгіме-баян*. Оның міндеті экскурсанттар көз алдында нысан туралы ақпаратты ойша қалпына келтіру болып табылады.

Ұйымдастырылған экскурсия кезіндегі әңгіме-баянның ерекшеліктері бар. Іс жүзінде әңгіме-баянның алты ерекшелігін атауға болады:

1. *Топтың қозғалыс жылдамдығына қарай әңгіме-баянның тәуелділігі*. Бұл кезде әңгіме-баян жүріп келе жатқан топтың жылдамдығына қарай жүргізіледі. Дегенмен топты бастайтын экскурсия жүргізуші болғандықтан, оның жылдамдығы сол кісіге де тәуелді. Жылжып келе жатқан кезде топқа әңгіме-баянды жүргізу біршама қиын көрінуі мүмкін. Өйткені, жас балалар, жасөспірімдер, жас жеткіншектер ойын қуып, топтан шеттеп қалуы ықтимал. Жасы үлкен кісілер де асықпай, баяу жүруі мүмкін. Сол себепті экскурсия жүргізуші топтың ішіндегі жас ерекшеліктерді ескергені жөн. 2. *Әңгіме-баянның көрсетілімге бағыныштылығы*. Көрсетілім болмаса, әңгіме-баян да болмайды. Былайша айтқанда, экскурсия жүргізуші әңгіме-баянды нысандарды көрсетуден басталады. Әңгіме-баянның мазмұны нысанды көрсету міндетіне бағынышты. 3. *Көрсетілетін дәлелдемелерді әңгіме-баянда пайдалану*. Әңгіме-баян ерекшеліктерінің бірі, онда ауызша дәлелдемелердің болмауы. Олардың орнын көру қатары толықтырады. 4. *Әңгіме-баянның мекен-жайлылығы*. Экскурсия жүргізуші әңгіме-баянды нақты нысанмен (ғимарат, архитектуралық ансамбль, инженерлік құрылыс, табиғат ескерткіші, т.б.) байланыстырады. 5. *Экскурсиялық әңгіме-баянның нақтылығы*. Мұнда тек тақырыптың аты ғана емес, сондай-ақ келтірілген фактілердің, олардың түсініктемесінің нақтылығы да маңызды. Нақтылық экскурсияда тек материал ғана емес, белгілі бір тақырыпты ашатын материалдың нақтылығын құрайды.

б. Әңгіме-баянның бекітуші сипаты. Тарихи тақырыпта әңгіме дүкен құрған экскурсия жүргізуші мәселені қозғағанда бекітілген дүниені айтады, оның барысында нысандарды көрсетеді.

Көптеген тарихи нысандар оқырманға тек сыртқы келбеті бойынша ғана қызық емес, сонымен қатар бай тарихы, онымен байланысты алуан түрлі оқиғалары бойынша (мәселен, Париждегі Нотр Дамм де Пари, Жидебайдағы Абайдың мұражай-үйі, т.б.) да келушілер тарапынан мол қызығушылық оятады. Сондықтан нысан мен онымен байланысты оқиғаларды төмендегідей жіктеуге, қабыстыруға және байланыстыруға да болады:

Экскурсиялық нысан	Экскурсиялық нысанмен байланысты оқиға
Тарих пен мәдениет ескерткіші өнер ескерткіші ретінде	Осы ескерткіш тұрғызылған тарихи оқиға немесе нақты бір қайраткер
Ғимарат архитектуралық нысан ретінде	Осы ғимаратта немесе оның жанында болған тарихи оқиғалар
Белгілі бір дәуірге тән тұрғын үй құрылыс нысаны ретінде	Онымен байланысты тұлғалардың ғұмырнамасы
Жол, канал, көпір инженерлік құрылыс ретінде	Бұл құрылыстар пайдалана бастаған уақыттағы оқиғалар. Аталған құрылыс негізінде дамыған ғылым саласына сипаттама
Орман, тоғай, өзен, егістік, үңгір, катакомба, т.б. табиғи нысандар	Аталған аймақта өткен оқиғалар желісі

Тақырыптық экскурсияларда нысанға тікелей қатысты жайттар сөз болады. Мамандар тақырыптық экскурсиялардағы әңгіме-баянның үш нұсқасын жіктейді. Бірінші жағдайда, әңгіме-баян нысанды экскурсанттардың тамашалауымен бірге жүзеге асады. Онда нысан туралы қысқаша анықтама, нысанның ерекшеліктері жөніндегі ақпараттар беріледі. Екінші жағдайда, көрсетілім кезінде әңгіме-баян көрермен қатарын толықтырады. Ал үшінші жағдайда, көрсетілім мен әңгіме-баяннан соң екі-үш сөйлемнен тұратын ой қорытындылар жасалынады. Бұл үш нұсқаның екіншісінде мейлінше толымды ақпараттар желісі айтылады.

Жалпы алғанда, экскурсия кезінде көрсетілім мен әңгіме-баян өзара үйлесіп жатуы тиіс. Бұл екі үдеріс бірін-бірі толықтырады.

Бақылау сұрақтары:

1. Әңгіме-баянның мәні неде?
2. Әңгіме-баянға қойылатын талаптар не деп ойлайсыз?
3. Әңгіме-баянның міндеттерін атаңыз.
4. Әңгіме-баянның формалары қандай?
5. Экскурсиялық нысан мен онымен байланысты оқиғаларды жүйелеңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Музеи будущего: информационный менеджмент /сост А.В. Лебедев, М., 2001

2. Гнедовский М.Б. Современные тенденции развития музейной коммуникации в капиталистических странах, теория и практика. М., 1986 вып.1
3. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение: Учебное пособие. – Минск, 2004.
4. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. –М., 2002.
5. Райымханова К.Н., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. –А., 2001
6. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. –М.:1985.–255 с.